«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры: Д.Садуакасов

# Қазалы қаласындағы М.Горький атындағы №16 мектеп-лицей бойынша жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары

2020-2021 оқу жылы

**2019-2020 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының қорытынды нәтижесіне талдау жасау**

**Қыркүйек.**1қыркүйек – Білім күні мерекесіне орай «Алтын ұям – бақыт, білім, берекем» атты салтанатты жиын 1-11 сынып оқушылары, ұстаздар, ата – аналардың қатысуымен ұйымдастырылды.
«Абайлаңыз, балалар!» республикалық акция өткізілді.

Мектеп-лицей бойынша 1 қазан қарттар күніне және ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстазым – ұлағатым, үлгі өнегем » тақырыбында мерекелік шара өткізілді. 10 қазан күні 8-11 сыныптарда «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Қазан айының үшінші аптасында «Қауіпсіз мектеп» профилактикалық зерттеу шаралары ұйымдастырылды. 18 қазан күні 5-11 сыныптар аралығында «Балалар және интернет» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 21 қазан күні 8-11 сынып қыз балаларына арналған «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында дәрігер геникологпен кездесу өткізілді. Жастар денсаулығы орталығы мамандары Қуанышбаева Гүлназияжәне Алиева Айгерім оқушыларға «Қыздар гигиенасы» тақырыбында дәріс өткізді.

19 қазан күні қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Абдуллаева Әлияның ұйымдастыруымен 8-11 сыныптар аралығында «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» тақырыбында Абайдың қара сөздерін жатқа оқу сайысы өткізілді.

21-26 қазан аралығында мектепішілік құқық апталығы өткізілді.Апталық барысында Өз құқығыңды білесің бе?, «Мен және менің құқығым», «Мен және менің полицейім», бопсалаудың алдын алу бойынша сауалнама алу, «Баланың құқықтары мен міндеттері» тәрбие сағаттары, «Мектьепішілік ішкі тәртіп ережелерін сақтау», «зиянды әдеттердің қауіптілігі», «Бала құқығы адам құқығы» тақырыптарында шаралар өткізілді.

Мектеп бойынша аудандық білім бөлімінің 29 қазан 2019 жылғы №4449 санды қатынасына сәйкес Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің веб-сайтына кіріп, «Қазақстандағы балалардың әл-ауқатын бағалауы» бойынша «Сандж» зерттеу орталығы ұйымдастырған 8-11 сыныптар аралығында сауалнама алынды. Сауалнамаға 8 сыныптардан -47 оқушы,9 сыныптардан – 47 оқушы, 10 сыныптардан - 18 оқушы, 11 сыныптардан – 16 оқушы қатысты. Жалпы 8-11 сыныптар аралығында – 128 оқушы қамтылды. Оқушылар сауалнама сұрақтарына қазақша, орысша жауап берді.

11 қараша күні аудандық білім бөлімінің 8 қараша №4648 санды қатынасына сәйкес №226 мектеп-лицей базасында орталық жоспарына сәйкес, БЖБ,ТЖБ жүргізілуі және ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру өткізілген әдістемелік керуенге кесте бойынша 1 мұғалім 6 ата-ана қатыстырылды.

15 қараша күні аудандық білім бөлімінің №4775 санды қатынасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына» ауыстыру бөлігінде өзгеріс енгізілді. Осыған орай Мемлекеттік Елтаңба мен Мемлекеттік Туға ұсыныс берілді.

Аудандық білім бөлімінің 14 қараша №4740 санды қатынасына сәйкес 2019 жылдың 18-19 қараша күндері мектепішілік есепте, қолайсыз отбасы, аудандық полиция бөлімінде және пробациялық есепте тұратын отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларды Ғ.Мұратбаев атындағы мемориалдық музейіне және «Қорқыт» кешеніне туристік саяхатты «Қазалы ынтымағы» қоғамдық бірлестігімен ұйымдастыру барысында 18 қараша «Қорқыт» кешеніне 8 «В» сыныбынан Базарбай Аяжан, 19 қараша Ғ.Мұратбаев атындағы мемориалдық музейіне 6 «Б» сыныбынан Базарбай Асылжан қатыстырылды.

19 қараша күні сағат 10.00-де аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі және аудандық орталық кітапхананың ұйымдастырылуымен өткізілген ұлт-азаттығы жолындағы ұлы күрескер, даңқты қолбасшы, халық батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 245 жылдығына арналған «Сенсің бабам, өнегесі ерліктің, хақ бастауы азаттықтың, елдіктің» атты жазба ақындар мүшайрасына 9 «Б»сынып оқушысы Меңдіқұл Қызғалдақ қатысып, жүлделі ІІ орын иеленіп 15000 теңге сыйақы алды.

Аудандық білім бөлімінің 25 қараша №4861 санды қатынасына сәйкес «Қамқорлық» дағдарыс орталығының қызметі мен сенім телефондары туралы ақпаратты ата-аналарға арналған чаттарға орналастырылды.

Аудандық білім бөлімінің 27 қараша №4912 санды қатынасына сәйкес «Елімізде жүргізіліп отырған мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі жастарды қолдау, олардың әлеуметтік тұрғыда қорғау, білім алуына, жұмысқа орналасуына, отбасын құруына, жаңа қоғамның белсенді азаматы болуына мемлекет тарапынан жан-жақты жағдай жасалып отырғандығына байланысты» еркін форматтағы кездесуге 18-28 жас аралығындағы жас мұғалімдерден 10 мұғалім қатыстырылды.

4-9 қараша аралығында І оқу тоқсанының қорытындысы бойынша 1-11 сыныптар аралығында ата-аналар жиналыстары өткізіліп, қорытынды хаттамалар жиналды.

Мектеп бойынша 25 қараша-10 желтоқсан аралығында «Әйелдерге және балаларға қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясының жоспары құрылып жоспарға сай шаралар өткізілді. Акцияның негізгі мақсаты –

халықтың кең тобын әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескертуге, алдын алуға, ана мен баланы қорғауға, қоғамдағы отбасының рөлін күшейтуге, құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған және қабылданып жатқан шаралар туралы таныстыру.

Акция барысында 1-11 сынып оқушылары арасында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясымен 1989 жылы 20 карашада қабылданған бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясының негізгі ережелері туралы Құқықтық білім күні ұйымдастырылып, оқушыларға БҰҰ конвенциясының негізгі ережелері түсіндірілді. 2 желтоқсан күні 9-11 сынып оқушылары арасында «Зорлықсыз әлемді қалай құрамыз» тақырыбында үздік эссе байкауы ұйымдастырылып, байқау жеңімпаздары марапатталды. 4 желтоқсан күні сурет пәні мұғалімі Әлімжанованың ұйымдастыруымен 5 сыныптар бойынша «Бақытты отбасы» тақырыбында сурет сайысы ұйымдастырылып оқушылар өздерінің бақытты жанұялары туралы суретте бейнеледі. 6 желтоқсан күні «Шаңырақ оқушылар қауымдастығының» ұйымдастыруымен «Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шакка құқылы» тақырыбында Флеш- моб би сайысын өткізді. Мектеп психологтары 3-6 желтоқсан аралығында «Қоғамдағы, отбасындағы және мектептегі зорлық-зомбылық және бейбітшілік қағидалары», «Тыңдауға құқық» тақырыптарында семинар өткізді.Мектеп бойынша 1-11 сынып оқушыларына сынып жетекшілері «Бала зорлығы – қоғам қасіреті», «Бала құқығы – асыл қазына», «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ», «Детство без жестокости», «Бақытты отбасы» «Сен және сенің құқығың» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізді. 6 желтоқсан күні мектеп психологтары мектепшілік 8-11 сыныптар бойынша «Біз зорлық зомбылыққа қарсымыз» атты тренинг жүргізілді.

Мектеп оқушыларына Балалар құқықтарын қорғау мәселелері бойынша Бала құқықтары жөніндегі Уәкіл қызметі туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар жиналыстарында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі жадынамалар таратылды және ата-аналарға арналған чаттарға «Қамқорлық» дағдарыс орталығының сенім телефондары жазылған брашуралар жіберілді. Мектепте жасөспірімдер мен жастар үшін 150 Ұлттық сенім телефоны желісінің қызметі туралы ақпарат қамтамасыз етілген.

30 қараша күні қазақ тілі пәні мұғалімі Еркебалаева Қырмызы 9-11 сыныптар аралығында Абай «Толық адам» ілімі TED өткізді. 19 қараша «дүниежүзілік темекіге қарсы күрес күні» мектеп мейіркештері лекция өткізді.

Аудандық білім бөлімінің 2019 жылдың 26 қараша күнгі №4876 санды қатынасына сәйкес. 2019 жылдың 29 қарашасы күні сағат 10-00 де білім алушылардың бойында Ұлт көшбасшысының Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу мен дамуындағы рөлі туралы түсінікті, Қазақстандық патриотизм және белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру мақсатында «Заманауи Қазақстан. Елбасының көшбасшылық сабақтары» атты жалпыреспубликалық ашық сабақтар өткізілді.

1желтоқсан – бірінші президент күні мерекесіне орай 9 «Б» сынып оқушыларымен өткізілген «Қазіргі Қазақстан. Елбасы Көшбасшылығы-

ұрпаққа үлгі» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді.Сонымен қатар 1 «А» сыныбында «Ден Первого Президента Республики Казахстан», 1 «Ә» сыныбында «Біздің Елбасымыз»,1«Б» сыныбында «Елі үшін туған - Елбасы», 3 «Б» сыныбында «Ұлт көшбасшысы – Н.Ә. Назарбаевтың портреті», 5 «Б» сыныбында «Елбасының дара жорлы», 7 «Б» сыныбында «Елбасының дара жолы», 9 «А» сыныбында «Современный Казахстан. Уроки Лидерства Елбасы», 4 «В» сыныбында «Біздің Елбасы», 3«Б» сыныбында «Ұлт көшбасшысы – Н.Ә. Назарбаевтың портреті», 8 «А» сыныбында «Первый Президент Казахстана – лидер нации»,2 «Ә» сыныбында «1-желтоқсан— Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің күні» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттарының мақсаты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін мерекелеуге арналған білім алушылардың назарын Ұлт көшбасшысының ерен еңбектеріне аударуға, оқушылардың бойында патриоттық және азаматтық жауапкершілік сезімін бекітуге, сондай-ақ өздерінің тұлғалық өсуіне қажетті дағдыларды, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға бағытталған.

Тәрбие сағаттары барысында оқушылар Қазақ халқының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы,туып-өскен,оқып білім алған ,қызмет еткен жерлері, саяси өмірі , жеткен жетістіктері туралы мағлұмат алды.

Тәрбие сағаттарына сынып жетекшілері, сынып оқушылары белсенділік танытып жақсы деңгейде өткізілді.Сонымен қатар мектепішілік «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» тақырыбында мерекелік шара өткізілді. Шараға ардагер ұстаздар, ата-аналар қатыстырылды. Өткізілген шаралар әлеуметтік желілерге жүктелді.

Аудандық білім бөлімінің 11 желтоқсан №5105 санды қатынасына сәйкес мектеп бойынша 12-18 желтоқсан аралығында «Түркі әлемінің алтын бесігі»тақырыбы аясында сынып сағаттары өткізілді.

.«Түркі әлемінің алтын бесігі» тақырыбында видео сабағының мақсаты:

- рухани құндылықтарды күшейту, туыстық пен тұтастыққа шақыру, терең тарих пен ортақ мәдениетті ынтасымен тану дағдысын жетілдіру;
- ұлы дала өркениеті, түркі әлемінің генизисі, түркілердің адамзат тарихына қосқан сүбелі үлесі сияқты маңызды тақырыптармен таныстыру;
- еліміз тарихының әлі де болса жете зерттелмей келген тұстарына баса назар аудару;
- алыс-жақын шетелдердің архив қорларында сақталған деректермен таныстыру;
- ақпараттық – комуникациялық технологияларды сабақта қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- әрбір оқушының жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып үйлесімді тұлғаны дамыту;

8 «б сыныбында *«Түркі әлемінің алтын бесігі – Түркістан»* тақырыбында ашық сынып сағаты өткізілді.
5 «В» және 7 «Б» -сынып оқушыларының қатысуымен Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы бойынша Түркі әлемінің алтын бесігі бөлімі бойынша «Түркі әлемінің рухани атасы» атты бейнесабағы өтілді.
10 Б сыныбында «Ұлы Жібек жолы- Батыс пен Шығыс елдерінің байланыс жолы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. 9 «Б» сыныбында «Түркі әлемінің алтын бесігі» атты тәрбие сағаты болып өтті. Мақсаты «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жайлы және мақалада аталғантарихымыз туралы түсіндіру.Оқушыларға тәлімі мол, әсерлі сабақ болып, сабақ өз мақсатына жетті.

14 желтоқсан күні қазақ тілі пәні мұғалімі Байкөбекова Жания 5-8 сыныптар аралығында «Қазақтың бас ақыны- хакім Абай» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізді.

Мектеп бойынша 23-30 желтоқсан аралығында жаңа жылдық шыршаны ұйымдастыру мен өткізудің іс-шаралар жоспары бекітіліп жоспарға сәйкес іс-шаралар атқарылды. Қызылорда қаласында өткізілген президент шыршасына көпбалалы отбасындағы 4 «В» сынып оқушысы Талғатқызы Адиля қатысып, сыйлыққа нэтбук алды. Аудан әкімінің балаларға арналған жаңа жылдық шыршасына көпбалалы отбасынан 5 «Б» сыныптан Әмірхан Әлинұр, толықемес отбасынаан 7 «А» сыныбынан Нұрбеков Данияр қатысып, сыйлыққа планшет алды. Қысқы демалыс күндері оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар жоспары жасалып, жоспарға сәйкес іс-шаралар жүргізілуде.Сонымен қатар оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы, оқушы формасы, тазалығы апта бойына бақылануда. 1-11 сынып жетекшілері демалыс күндердегі оқушылардың жауапкершілігін бақылап отыруды ата-аналарға жүктеп, ата-анасынан қолхат алынып отырады.Мереке және демалыс күндері оқушылардың түнгі жүрісін ырықтау мақсатында ер мұғалімдерден кезекшілік ұйымдастырылған. Сынып жетекшілерінен тоқсандық жұмысын талдау мақсатында уақытылы анықтамалар алынып отырады.

Мектеп-лицей бойынша аудандық білім бөлімінің 2020 жылғы 14 қаңтар №99 санды қатынасына сәйкес 2020 жылғы 26 қаңтардағы Халықаралық интернетсіз күніне арналған «Мен OFFLINE» (оффлайн) Республикалық кең ауқымды балалар акциясының жоспары құрылып жоспарға сәйкес шаралар өткізілді.

Іс – шараның мақсаты – интернетке тәуелділіктің алдын алу, кәмелетке толмағандардың интернет-белсенділігін бақылауға қатысты интернет – қызметтерді ересек пайдаланушылардың жауапкершілігін, интернет-пайдалану мәдениетін арттыру.
22 қаңтар күні қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері А.Бекбосынова, Ж.Байкөбекованың ұйымдастыруымен 5-11 сыныптар аралығында «Мен OFFLINE» тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Байқауға 5-11 сынптардан оқушылар қатыстырылды. Байқауда оқушылар өз ойларынан эссе жазды. Эссе байқауы қорытындысы бойынша
I орын 11 «А» сынып оқушысы Шадымуратова Назира
II орын 11 «Б» сынып оқушысы Нұрлан Асылжан
III орын 11 «А» сынып оқушысы Сайлауова Нұрбибі иеленді.
23 қаңтар күні сурет пәнінің мұғалімі Л.Қилыбаеваның ұйымдастыруымен 1-4 сынып оқушылары арасында «Мен күнімді интернетсіз қалай өткіздім?» тақырыбында суреттер байқауы өткізілді. Байқауға 3-4 сынып оқушылары қатыстырылды. Байқауда оқушылар өз ойларымен суреттер салды.2

24 қаңтар күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Абдуллаеваның ұйымдастыруымен Интернет балалар үшін қауіпсіз/қауіпті тақырыбында 9 сыныптар аралығында дебат өткізілді. «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы мектеп-лицейдегі – оқушыларды өз бетімен ізденуге, білім алуы және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген үйірме.

Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану, пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы оқушылардың қатарын көбейту, өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландыру, жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысу, заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселелерін талқылап, оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау мақсатында дебат клубының жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Абдулла 24 қаңтар күні мектепішілік дебаттық турнир өткізді. Дебаттық турнирге 8,9,10- сынып оқушылары өте жоғары дайындықпен қатысып, белсенділік көрсетті.

Пікірсайысқа дайындық барысында оқушылар белгілі бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, қарама-қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылды. Дебаттың бірінші айналымында 4 команда бір-бірімен «Жас болу (заманауи) оңай ма, қиын ба?», «Мамандық таңдау: ақша үшін бе, жан азығы ма?» тақырыбында пікірсайысқа түсті. Бірінші айналымда тақырыптың маңыздылығын, құндылығын дәйектермен, статистикалық мәліметтермен нақты ұсынып, тіл мәдениетін, сөз әдебін көрсете білген екі команда ақтық кезеңге өтті. Ақтық айналымда жеңіске жеткен екі команда «Интернет балалар үшін қауіпті ме,

қауіпсіз бе?» тақырыбында өз кейстерін ұсынды. Оқушыларды компьютер мен жаһандық желіден бір күнге ойын аулау, шынайы әлемде өмір сүре өткізу, жақын адамдармен жақынырақ араласу мақсатында алынған бұл тақырыпты оқушылар қызығушылықпен аша білді. Осының нәтижесінде оқушылар кез-келген мәселеге біржақты көзқараста болудан арылып, терең, сыни тұрғыдан ойлануға мүмкіндік алды. Пікірсайыстың төрешілері «Ең үздік оратор топты», «Ең үздік спикерді» анықтадыжәне оқушыларды мақтау қағазымен марапаттады. Белсене қатысқан үйірме мүшелеріне қатысқаны үшін сертификат беріп, алғыс білдірді.

Оқушылардың ойын интернет әлемінен бір күнге аулақ ұстауға бағытталған бұл іс-шара өзіндік көзқарасы бар, айналаны сыни тұрғыдан барлап, бағалайтын, шешім шығаруда өзгенің ойын таразылап, өз ойын өткізуге сенімді тұлға қалыптасуына аз да болса септігін тигізді деп есептейміз.

16 қаңтар 2020 жылғы №130 санды қатынасына сәйкес 17 қаңтар күні сағат 11.00 –де Қызылорда олысы білім басқармасы басшысының және ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысының, «Nur Otan» партиясының, үкіметтік емес ұйымдарының, сондай-ақ басқа да қоғам белсенділерінің қатысуымен «Адалдық сағаты» тақырыбында интерактивті онлайн сабақ өткізілді. Онлайн сабаққа 8-11 сынып аралығындағы оқушылардан 38- оқушы және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері қатыстырылды.

Аудандық білім бөлімінің 2020 жылғы 11 наурыздағы №911 санды хаты арқылы короновирустық инфекцияның профилактикасы бойынша жадынама ақпараттық тақтаға ілінді. Мектепте дәліздерде,фойелерде, кабинеттер,зертханалар, акт және спорт залда санитарлық талаптар сақталуда. Желдету режимі, жинау режимі, ауызсу режимі және техникалық персоналдар ылғалды жинау жұмыстары үнемі жүргізілуде. Техникалық қызметкерлер дезинфекциялық құралдарды қолдану және жұмыс ертінділерін дайындау бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді. Мектеп бойынша сабын-жуу мен дезинфекциялар құралдарымен қамтамасыз етілді. Мектеп қызметкерлері мен мектеп оқушылары арасында вирустық инфекция анықталған жоқ. «Вирустық инфекция», «Короновирустық инфекция » туралы санитарлы бюллетен шығарылып, мектептің көрнекті орындарына ақпарат орналастырылды.

## SWOT талдау

| | |
|---|---|
| Күшті жақтары:<br>Ішкі істер бөлімінде есепте тұрған бала жоқ. Қолайсыз отбасы жоқ. Әлеуметтік желімен жұмыс жасауы. Республикалық, облыстық сайыстардың жеңімпазымыз. | Мүмкіндіктер: Кез келген байқауға, сайысқа қатысып жүлделі орын алуға, іс шараларды қашықтықтан ұйымдастыруға мүмкіндік бар. |
| Әлсіз тұстары:<br>Шахматтан басқа спорттық жарыстарда орын алмаймыз | Қауіптер: Спорттың кейбір түрлері бойынша шынайы жұмыс жүргізілмеуі. |

II бөлім

Жаңа 2020 -2021 оқу жылында жүргізілетін тәрбие жұмысының мақсат-міндеттері, күтілетін нәтиже

Мақсаты:Мектепте тәрбие жұмысын қашықтықтан жаңа технология негізінде жүргізе отырып, тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген жеке тұлғаның дамуына, қалыптасуына оңтайлы жағдай жасау.
Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмыс жүйесін қалыптастыру.

Міндеттері: Мектепте жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мазмұнын қашықтықтан жүргізілуге жоспарлау, сапасын арттыру;
Тәрбиенің негізгі бағыттарында белгіленген міндеттерді жүзеге асыра отырып, жоғары нәтижеге қол жеткізу;
Сыныптағы және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру;
Мектеп оқушыларының сабақтан және мектептен тыс уақыттарын тиімді ұйымдастыру;
Ата-аналар мен педагогикалық ұжымның бірлескен әрекеттер жүйесін қалыптастыру;
Салауатты, кәсіби шығармашылық танымы кең, әлеуметтік бейімділігі, белсенділігі және өмір сүру біліктілігі қалыптасқан бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру;
Оқушылардың тәрбиелік және сапалық деңгейлерін анықтау, бағалау арқылы тәрбие беру ісіндегі өзекті мәселелерді табу, кемшіліктерді түзету іс-әрекеттерін жүзеге асыру;
Сынып жетекшілердің кәсіби біліктілігін арттыру;

III бөлім
Сыныптардың және жеке оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру

| Р/с | Атқарылатын жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектепке қарасты мөлтекаудан балаларының оқуға тартылуын қамту, есебін жүргізу | Тамыз Қаңтар | А.Нарманова Педагогикалық ұжым |
| 2 | Оқушылардың мектеп кітапханасымен байланысын күшейтуге ықпал ету | Жыл бойы | Мектеп кітапханашысы Сынып жетекшілер |
| 3 | Оқушылардың сабаққа қатысуын қашықтықтан қадағалау | Жыл бойы | Тәрбие орынбасарлары Сынып жетекшілер |
| 4 | Оқушылардың тазалығы мен формасын қадағалау | Жыл бойы | Тәлімгерлер Сынып жетекшілер Мектеп мейіркеші |
| 5 | Оқу – тәрбие жұмысының қорытындысы туралы | Тоқсан сайын | Сынып жетекшілер |

IV бөлім
Сынып оқушыларының оқудан тыс уақытын және қоғамдық ұйымдармен жұмыстарды қашықтықтан ұйымдастыру

1. Мектептегі қоғамдық ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру

| Р/с | Атқарылатын жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының жұмысын жолға қою | Қыркүйек мамыр | Мектеп тәлімгері А. Сағымбаева Ж.Смағұлова |
| 2 | Мектептегі қоғамдық бірлестіктердің жұмыстарын жүйелеу, жоспарлы жұмыстарын талапқа сай ұйымдастыру және оны қадағалау | Қыркүйек мамыр | Тәрбие орынбасарлары |
| 3 | Мектептегі сыныптан тыс үйірмелердің, спорт секцияларының жұмыстарын жүргізу | Қыркүйек мамыр | Қосымша білім беру педогогі Үйірме, секция жетекшілері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Мектеп оқушыларын сыныптан тыс үйірмелерге, спорт секцияларына қатыстыру | Қыркүйек мамыр | Сынып жетекшілер |
| 5 | Құқықтық мектептің жұмысын ұйымдастыру | Қыркүйек мамыр | Тәрбие орынбасарлары |
| 6 | Жас инспекторлар тобын құру, жұмыстарын жүргізу | Қыркүйек мамыр | Т. Махамбет |

2. Мектептен тыс қоғамдық ұйымдармен қашықтықтан жұмыс жүргізу

| Р/с | Атқарылатын жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Оқушылардың мектептен тыс уақыттарын тиімді өткізуін қадағалау | Қыркүйек-мамыр | Тәрбие орынбасарлары Сынып жетекшілер |
| 2 | Мектеп оқушыларын қосымша білім беру мекемелеріне қатысуына ықпал ету | Қыркүйек-мамыр | Тәрбие орынбасарлары Сынып жетекшілер |
| 3 | Оқушыларды қалалық, аймақтық, аудандық, облыстық, республикалық іс-шараларға қатыстыру | Қыркүйек-мамыр | Тәрбие орынбасарлары Сынып жетекшілер |

V бөлім

**Тәрбие жұмысының басым бағыттары:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.
Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

**Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:**

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

- Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;
- ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке;
- елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына;
- өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;
- басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;
- өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихиөміріне;
- құқықтық білімге, заңдылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүріс-тұрысына;
- заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне;
- әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

Іске асыру механизмдері

Сабақтар, оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру. АРБ бағдарламасы аясында ерлік, намыс және абырой, Отанға адал қызмет ету тағылымдарын өткізу. Дебат және пікірталас клубтарын ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке үндеген патриоттық форумдар, акциялар. Оқушылардың мемлекеттілік нышандарын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге арналған байқаулар мен олимпиадалар. Қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа да этностардың мәдени мұрасын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу бойынша өлкетану экспедициялары. Мемлекет, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау, әділет органдары, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдары қызметкерлерімен кездесулер. Балалардың және жастардың бастамашыл жобаларын дамыту. Балалар және жастар қозғалысы қызметін; қоғамдық қорлармен бірлескен қызметті жандандыру; әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер; саяхаттар; ақпараттық-құқықтық материалдар тарату; «сенім қызметтерін», «Мен және заң», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз – қоғам мүддесіне деген опасыздыққа қарсымыз» акциясын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

**Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие**

**Мақсаты:**

Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.
Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):
- мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына;
- өзінің қасиетіне, арына және парызына;
- ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;
- өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына;
- діни құндылықтарға;
- ой, сөз және іс бірлігіне;
- өзінің мінез-құлқын жетілдіруге;
- ар-ұжданымен орындалған қылықтарға;
- түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне;
- адамдарға риясыз қызмет етуіне;
- өз ата-анасына, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.
Іске асыру механизмдері
Оқу пәндері мазмұнына құндылықтарды кіріктіру арқылы оқытудың тәрбиелік әлеуетін күшейту; педагогикалық консилиумдар, ата-аналар институты; «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани тәрбие бағдарламасының метапәндік және тәрбиелік рөлін күшейту, рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы жүзеге асырылады.
**Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие**
**Мақсаты:**
Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.
Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):
- этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке;
- мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне;
- өз халқының мәдени мұрасына;
- қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына;
- Қазақстанның этномәдениетіне;
- этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.
Іске асыру механизмдері
Сабақтар, оқу пәндерінде, қосымша білім беруде, сабақтан тыс іс-әрекеттерте жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіру
Этнопедагогика кабинеттерінің қызметі; «Мәңгілік Ел» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы мен Гимнін, мемлекеттік тілді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша фестивальдер

және байқаулар өткізу; өлкетану жұмыстары және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

**Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі**

**Мақсаты:**

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

- этноәлеуметтік рөлдерге;
- өз отбасына және ұрпақты жалғастыруға;
- адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау.

Іске асыру механизмдері

Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері және ата-аналар комитеті; Репродуктив денсаулық орталықтары, мамандар кеңесін және бірлескен отбасылық іс-шаралар өткізу; «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында ата-аналарды оқыту, жасөспірімдер мен бойжеткендердің жүріс-тұрыс мәдениеті туралы жастармен әңгімелер жүргізу, жоғары сынып оқушылары мен ЖОО студенттері үшін «Отбасылық өмір этикасы» электив курсын кіргізу; ата-аналардың мектеп өміріне катысу; әкелер, әжелер клубтары; ақсақалдар алқасы; мемлекеттік тапсырыс арқылы ата-аналардың психологиялық-педагогикалық жаппай оқу; мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық; аула клубтарының жұмыстарын қалпына келтіру; балалар мен жастардың қосымша білім беру нысандарына ақысыз негізде қол жеткізуін ұйымдастыру; элективті курстар, фестивальдер, байқаулар, «Менің отбасым», «Жыл отбасы» жарыстары арқылы жүзеге асырылады.

**Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

- экологиялық даму саласында мемлекеттік саясатқа, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына;
- экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне;
- «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне;
- табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке;
- кәсіби білім мен өнімді еңбекке;
- нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру;
- экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға;
- еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге;
- мамандық таңдауына;
- үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

Іске асыру механизмдері

Сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, туған өлкеге жасаған экспедициялар, туристік жорықтар, сенбіліктер, мектепті, ауданды, қаланы көгалдандыру мен абаттандыру, жасыл желек отырғызу, «Жасыл ел» қозғалысы және «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында волонтерлық қозғалыстар, экологиялық форумдар, ғылыми экологиялық жобалар, табиғат зоналарын қоқыстан тазартуға қатысу.
Технология сабақтарындағы еңбек тәрбиесі, қосымша білім беру, мектептен тыс, сабақтан тыс іс-әрекеттер; кәсіпорындарға саяхаттар, тәлімгерлермен, жаңашылдармен, табысты кәсіпкорлармен кездесулер,
тәлімгерлік, дуальдық білім беру, кәсіби шеберлік байқаулары, студенттердің құрылыс және педагогикалық отрядтары; «Өмірді және мансапты жоспарлау», «Кәсіби сынамалар» жобаларын іске асыру; «Технология» пәнінің, оқу шеберханалары мен зертханалардың материалдық-техникалық базасын нығайту арқылы жүзеге асырылады.

**Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**
**Мақсаты:**
Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру.
Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):
- өмір бойы білім алуына;
- өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне;
- сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне;
- зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне;
- пікірталас жүргізу дағдыларына;
- жасампаз қызметке;
- топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға;
- ақпараттың түрлі дереккөздеріне;
- қажетті ақпарат алу арналары мен іздестіру жолдарына;
- өз қызметінің түрлі салаларынан алынған ақпаратқа;
- Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне;
- Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру;
- ақпарат дереккөздерін таңдау және талдау жасау, өздігімен іздестіру жолдары мен тәсілдеріне;
- Интернет-сауаттылық қалыптастыруға;
- ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға;
- жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

Іске асыру механизмдері
Сабақтар, оқу пәндері, электив курстар, қызығушылығы бойынша үйірмелер және сабақтар, мектептік және желілік дебат турнирлері, балалармен және жастармен бірлескен жобалық жұмыстар; сабақтан тыс қызметтер, балалар мен жастар бірлестіктеріндегі қызмет, түрлі деңгейдегі бірге басқару

органдарына катысу, қосымша білім беру, жаратылыстанугылыми және гуманитарлық циклдары пәндерінің «Өзін-өзі тану» пәнімен кірігуі, элективті курстар: «Физика жүрек үнімен», «Математика рухани-адамгершілік заңдары туралы ғылым ретінде», «Тарихтың адамгершілік тағылымдары», «Ақпараттық мәдениет негіздері» және т.б. жүргізу. Зияткерлік ойындар, байқаулар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар. Дарынды мамандармен және замандастарымен кездесулер, рефераттар, ғылыми-зерттеу, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар, баяндамалар, мәлімдемелер, мектептік жәнестуденттік медиа-орталықтар, бұқаралық ақпарат құралдары, сайттар, кітапханаларды дәріптеу. Психометриялық және социометриялық тесттер мен әдістемелер; көшбасшылықты дамыту жөніндегі бағдарламалар және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

**Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

**Мақсаты:**

Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын калыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

Бағалау критерийлері (карым-қатынасы арқылы):

- толеранттылық және ғаламдық пікір;
- көпмәдениеттілік және көптілділікті;
- мәдениетаралық әрекет;
- мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу;
- қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларын;
- карым-катынас мәдениетін;
- эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына;
- шығармашылық ой мен қиялға, шығармашылық қызметті калыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту.

Іске асыру механизмдері

Сабақтар, жалпыадамзаттық құндылықтар бірлігін барлық мәдениеттен айқындауда «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасын кіріктіру, жастарда әралуан мәдениеттер мен халықтардың бірлігін көру біліктілігін дамыту. Үйірмелер, әдеби клубтар және т.б.; театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға саяхаттар; шығармашылық кештер, оқушылар жұмысының көрмелері, байқаулар; белгілі тұлғалармен, өнер қайраткерлерімен және т.б. кездесулер; Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық; білім беру ұйымдарында Қазақстан халқы Кіші Ассамблеяларын құру арқылы жүзеге асырылады.

**Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

**Мақсаты:**

Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):
- денсаулық жағдайының скринингіне;
- әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге;
- теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге;
- табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға;
- денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез-құлыққа;

- өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылық;
- қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге;
- денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіруі.
Іске асыру механизмдері

Сабақтар, дене тәрбиесі сабағы, оқу пәндері, қосымша білім беру, спорттық секциялар мен үйірмелер, «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында репродуктив денсаулық, нашақорлық, маскүнемдік, темекі тарту және АҚТҚ алдын алу және салауатты өмір салты негіздері бойынша ақпараттық-ағарту курстар, семинар-тренингтер; денсаулық фестивальдері, спартакиадалар, қауіпсіздік бағдарлар өткізу; ақпараттық-диагностикалық материалдар дайындау және тарату; «сенім қызметтерін» ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады

**9 бағыт – Мінез құлық мәдениетіне және оның ішінде интернет кеңістігіндегі мінез – құлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу**

## V бөлім
## Ата-анамен жүргізілетін жұмыс

| Р/с | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектеп бойынша ата-аналар кеңесін сайлау, жылдық жұмыс жоспарын жасау, бекіту | Қыркүйек | Тәрбие орынбасарлары |
| 2 | Ата-аналардың педагогикалық-психологиялық білімін жетілдіру | Жыл бойы | Мектеп психологы Сынып жетекшілер |
| 3 | Ата-аналардың мектепішілік, қоғамдық, мәдени іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету | Жыл бойы | Сынып жетекшілер |
| 4 | Балалардың түнгі мезгілде ретсіз жүруіне ата-ана тарапынан тыйым салдыру, сабаққа қатысуын, тәртібін | Жыл бойы | Тәрбие орынбасарлары Сынып жетекшілер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қадағалауға шақыру | | |
| 5 | Ата-аналар жиналыстарын өткізу | Тоқсан сайын | Сынып жетекшілер |

## VI. Тәрбие бағыттары бойынша ұйымдастырылатын жұмыстар

| Р/с | Тәрбие бағыттары | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** | 1 қыркүйек – Білім күні. | Сынып сағаты | Қыркүйек | А.Нурадинов<br>А.Нарманова<br>Сынып жетекшілер |
| | | «Абайлаңыз, балалар!» | Акция<br>1 – 11 сынып | Қыркүйек | А.Нурадинов<br>А.Нарманова<br>Сынып жетекшілер |
| | | «Қауіпсіз мектеп» | Акция<br>1 – 11 сынып | Қыркүйек | А.Нурадинов<br>А.Нарманова<br>Сынып жетекшілер |
| | | | | | |
| | | «Мен өз елімнің патриотымын» | Жас сарбаздар шеруі | мамыр | Т.МАхамбет |
| | | 1 наурыз - Алғыс айту күні | Мерекелік құттықтаулар | Наурыз | А.Бұршікова<br>Мектеп-психологы<br>Сынып жетекшілер |
| | | 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні | Салтанатты жиын<br>1-11 сынып | Мамыр | А.Нарманова<br>А.Бұршікова |
| | | Алға, алға, қазақ жігіттері! | Мерекелік концерт | Мамыр | « Қызғалдақ» қыздар ұйымы |
| | | Ұлы жеңіске 75 жыл «Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады!» | Сынып сағаттары | Мамыр | Сынып жетекшілер |
| | **Рухани адамгершілік тәрбиесі** | Мектепке жол<br><br>«Қайырымдылық жасампаз күш»<br><br>«Адамдарға қуаныш сыйла» | Акция<br><br>әңгіме сағаты<br><br>Акция | Тамыз<br><br>Қыркүйек<br><br>Қыркүйек | А.Бұршікова<br>Г.Смағұлова<br>Ж.Смағұлова<br>Сын жетекшілер |
| | | «100 кітап» жобасы | Жоба<br>1-10 сынып оқушылары | Қыркүйек-мамыр | А.Нарманова<br>А.Мамырбай |
| | | Берекелі алтын күз | | Қазан | Г.Смағұлова<br>А.Бұршікова |
| | | Мен ата-әжеммен біргемін! | Бейнеролик байқауы<br>1-4 сынып | Қазан | А.Нарманова<br>А.Бұршікова |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | | Ұстазым - ұлы қамқоршым! | Мерекелік концерт | Қазан | А.Нарманова А.Бұршікова |
| | | Сұлулық әлемді құтқарады | тәрбие сағаты. 4сынып | Қараша | Сынып жетекшілер |
| | | Кім болам? | тәрбие сағаты сынып | Қазан | Сынып жетекшілер |
| | | Үлкенге құрмет, кішіге жол көрсет | пікірлесу | Қараша | Мектеп психологы |
| | | Мақал-сөздің азығы, Жұмбақ – ойдың қазығы | Сайыс 4 сынып | Желтоқсан | Сынып жетекшілер |
| | | Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі елдің тірегі. | тәрбие сағаты 11-сынып | Желтоқсан | Сынып жетекшілер |
| | | Мұқағали – мәңгілік ғұмыр | Әдеби кеш 5-11 | Ақпан | Г.Жауғашарова Ә.Абдуллаева |
| | | Хош келдің, әз наурыз! | Мерекелік қойылым | Наурыз | А.Нарманова А.Бұршікова |
| 3 | **Ұлттық тәрбие** | Рәмізге құрмет – елге құрмет | Тәрбие сағаты | Қыркүйек | ДТЖО Сынып жетекшілер |
| | | «Тілім барда тірімін мен!» | Мәнерлеп оқу | Қыркүйек | Г.Жауғашарова |
| | | «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» | Шежіре сағаты | Ақпан | Сынып жетекшілер |
| | | Қош келдің, Әз Наурыз! | Мерекелік кеш | Наурыз | А.Нарманова А.Нураддинов |
| | | «Қазақтың көрнекті тұлғалары» /100 жаңа есім/ | Бейнесабақ 8а сыныбы | Сәуір | А.Кенжалиева М.Разакова |
| 4 | **Отбасы тәрбиесі** | Ата-аналар жиналысы | Жиын | Тоқсан сайын | А.Нарманова А.Нураддинов |
| | | Отбасы – тәрбие бастауы | Баяндама | Қараша | А.Нарманова |
| | | Бала – жанұя тәрбиесінің айнасы | Ата – аналармен жұмыс | Желтоқсан | Мектеп психологы |
| | | Менің отбасым-менің мақтанышым | тәрбие сағаты 4-7 сыныптар | Қаңтар | Сынып жетекшілер |
| | | Мен және жанұям | Ашық тәрбие сағаты 1-3 сыныптар | Ақпан | Сынып жетекшілер |
| | | Ата мектебі Әже мектебі | Дөңгелек үстел 5-11 сынып | Наурыз | А.Нураддинов А.Нарманова |
| | | Отбасы сыйластығы- | Әдептілік | Сәуір | Мектеп психологы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұрпаққа өнеге | сабағы<br>9 - 11 сынып | | |
| | | Ән –көңілдің ажары | Балалар әндерінің байқауы.<br>1-7 сынып | Қаңтар | Мектеп тәлімгері |
| | | Әдептілік-әдемілік | тәрбие сағаты. | Қаңтар | Сынып жетекшілер |
| | | Қаһарман қыздарға тағзым! | тәрбие сағаты.<br>3-сынып | Наурыз | Сынып жетекшілер |
| | | Әлем балалар көзімен | Жас суретшілер көрмесі | Сәуір | К.Берденов<br>Т.Көпжасар |
| | | «Алтын қазына» / ұлттық ою өрнек элементтерімен киім үлгісін жасау/ | Көрме<br>5-10 сынып | қараша | А.Орынбаева<br>С.Әлімжанова |
| | | «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» | Инновациялық идеялар байқауы<br>6 - 10 сыныптар | желтоқсан | Т.Көпжасар |
| | | Еңбегімен танылған ел ағалары | Тәрбие сағаттары<br>1-11 сынып | Қаңтар | Сынып жетекшілер |
| 5 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | «Экология және балалар» | Жоба қорғау<br>3-4 сыныптар | Сәуір | Л.Нұрғалиева<br>Сынып жетекшілер |
| | | «Жасыл оазистер» | Экодизайнерлер байқауы<br>5-10 сыныптар | қыркүйек | А.Бүршікова<br>Ж.Смағұлова<br>Сынып жетекшілер |
| | | Жарнама жасау өнері | тәрбие сағаты<br>3-4 сыныптар | Сәуір | А.Нарманова<br>Сынып жетекшілер |
| | | Экочеллендж | Бейнебайқау<br>1-10 сынып | Сәуір | А.Нуриддинов<br>Сын жетекшілері |
| | | Гүлді колейдоскоп | Бейне саяхат<br>5-7 сыныптар | Сәуір | Сынып жетекшілер |
| 6 | Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | «Қазақ мәдениеті антологиясы» /сыр өңірінің /ақын, жырау/ ұлттық фольклорын зерделеу | әлеуметтік жоба | Қыркүйек - мамыр | А.Тауасарова<br>Сын жет |
| | | Алтын күз-2020 | Сурет байқауы<br>1-7 сынып | Қазан | А.Бүршікова<br>Ж.Смағұлова |
| | | «Қазақ биі» | Байқау<br>1-4 сыныптар | Қазан | А.Бүршікова<br>Ж.Смағұлова |
| | | «Қазақтың 100 әні» | Байқау<br>5-8 сынып | қараша | А.Бүршікова<br>Ж.Смағұлова<br>Т.Жетеулиева |
| | | Көктем аруы - 2020 | Байқау<br>1-11 сынып | Наурыз | А.Бүршікова<br>Ж.Смағұлова |
| | | Әлем балалар көзімен | Жас суретшілер көрмесі | Сәуір | К.Берденов<br>Т.Көпжасар |